

**"Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы № 88 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 755 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 12 ақпандағы № 838 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 12.02.2019 № 838 Жарлығымен.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануы тиіс

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы № 88 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 32, 339-құжат; 2003 ж., № 40, 417-құжат; 2006 ж., № 23, 229-құжат; 2008 ж., № 20, 182-құжат; 2009 ж., № 3-4, 7-құжат; 2010 ж., № 2, 12-құжат; № 37, 309-құжат; № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 48, 646-құжат; 2012 ж., № 62, 848-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі туралы ережеде:

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

8. Лауазымы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері: Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, Қазақстан Республикасы "Сырбар" Сыртқы барлау қызметінің директоры, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Қарулы Күштері Бас штабының бастығы болып табылады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Н.Назарбаев

